

Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 8 қазандағы № 742 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 63 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.01.2023 № 63 қаулысымен.

Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары және Шығыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдары Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 15 қаңтардан және 15 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1 ақпаннан және 1 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 8 қазандағы
№ 742 қаулысымен
бекітілген

Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары

Ағымдағы жағдай

Семей қаласы – Шығыс Қазақстан облысының (бұдан әрі – ШҚО) өнеркәсіптік дамыған, орман, су және энергетикалық ресурстар, минералды шикізаттың едәуір қоры бар өңірлердің бірі.

Бас жоспарға сәйкес Семей қаласының әкімшілік бөлігіне Степной, Восход, Бобровка, Восточный, Ұшақтар, Мирный, Пристань кенттері кіреді.

Негізгі өндірістік әлеуеті қажетті қуаттары бар өнеркәсіптің көп салалы құрылымы болып табылады.

Қала үлесіне облыста өндірілетін өнеркәсіп өнімдерінің 10 %-і (силикат кірпіш – 100 %, цемент – 33 %, көмір – 98 %, гофрленген картон – 100 %), ауыл шаруашылығы өнімдерінің 6,6 %-і (ет – 10,4 %, жұмыртқа – 2,0 %, картоп – 17 %) тиесілі.

Қалада тау-кен өндіру өнеркәсібі мен түсті металлургияның ("Қаражыра" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – көмір өндіру, "ФИК Алел" акционерлік қоғамы – құрамында алтыны бар кен өндіру және өңдеу), өңдеу өнеркәсібінің ("Қазполиграф" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – гофрленген өнім картонын шығару, "Силикат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – силикат кірпіш өндіру, "Семей цемент" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – цемент өндіру), машина жасаудың ("Daewoo Bus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "СемАз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – автобус жасау) ірі және орта кәсіпорындары шоғырланған.

Өңдеуші өнеркәсіпте үлес салмағы 19,1 % өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру саласы неғұрлым дамыған.

Соңғы бес жылда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 38 %-ке, ауыл шаруашылығы өнімі – 63 %-ке, бөлшек тауар айналымы – 1,6 есеге, негізгі капиталға салынған инвестиция – 1,4 есеге, бюджет көлемі – 1,8 есеге артты.

Соңғы жылдары халық саны өсуінің оң серпіні байқалады. Семей қаласы халқының саны 3 %-ке (2014 жылы 338,5 мың адамнан 2019 жылы 348,9 мың адамға дейін), оның ішінде экономикалық белсенді халық – 1,2 %-ке (171,9 мың адамнан 174,1 мың адамға дейін) өсті.

Семей қаласының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, қызмет көрсету, тамақ өнімдерін, құрылыс материалдарын, тоқыма өнімдерін өндіру салаларында даму әлеуетіне ие.

Кең ауылдық аумақтардың болуы сүтті және етті бағыттағы ірі қара мал басының, табынды жылқы шаруашылығының, қой мен құстардың өсуіне алғышарттар жасайды.

Стратегиялық теміржол, автомобиль, су және әуе көлігі артерияларының қиылысында арнала отырып, қаланың географиялық және экономикалық орналасуы транзиттік-логистикалық дәліз қалыптастыру үшін тиімді.

Қаланың бай тарихи-мәдени мұрасы оны танымдық, ғылыми және этникалық туризм үшін тартымды етеді.

Сонымен қатар, одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамыту мен халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін жағдай жасау мақсатында мынадай проблемалық мәселелердің шешімі талап етіледі:

тұрғын үйге мұқтаждар кезегін төмендету (мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезегінде 10 372 адам тұр, ол 2014 жылға қарағанда 69,8 %-ке артық, оның ішінде халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтары – 3 696 адам;

орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген ауыл тұрғындарын қамтуды арттыру (Абыралы, Мұқыр және Шақаман ауылдары тұрғындарының 82 %-і – 3 140 адам (3 813 адамнан) құдықтар мен ұңғымаларды пайдаланады);

халықтың жалпы білім беру, балалардың мектепке дейінгі, спорттық, мәдени-демалыс қызметтеріне қажеттілігін қамтамасыз ету (2018 – 2019 оқу жылына қала бойынша оқушы орнының тапшылығы 3 230 орынды құрайды, Қарағайлы тұрғын ауданының даму перспективасы мен қала халқы санының артуын ескере отырып, 3 900 оқушы орнына, сондай-ақ спорттық және мәдени-демалыс объектілеріне қажеттілік туындайды);

инженерлік желілердің жағдайын жақсарту (жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесі – 73,6 %, жылу желілерінің тозуы – 62 %, су құбыры желілерінің тозуы – 65 %);

кәтерлі ісіктерден сырқаттанушылық пен өлім-жітімді төмендету (сырқаттанушылық – 100 мың халыққа шаққанда 293,5 жағдай немесе орташа республикалық көрсеткіштен 1,5 есеге көп, өлім-жітім – 100 мың халыққа шаққанда 143,1 жағдай немесе орташа республикалық көрсеткіштен 1,7 есеге артық).

Мақсаттары мен стратегиялық міндеттері

Кешенді жоспардың басты мақсаты экономиканың базалық салаларын, әлеуметтік саланы дамыту, қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады, бұл жалпы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін:

- 1) шағын, орта кәсіпкерлікті және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту;
- 2) тұрғын үй құрылысы;
- 3) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту;
- 4) әлеуметтік объектілерді салу және дамыту;
- 5) тарихи-мәдени объектілерді жөндеу;

б) инфрақұрылымдық қамтамасыз ете отырып стратегиялық міндеттерді шешу көзделіп отыр.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімдері (жыл)	Болжамды шығыстар * (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
I . Кәсіпкерлікті дамыту						
1.	Мультидақылдарды (күнбағыс, рапс, соя) өңдеу бойынша автоматтандырылған кешен салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	6 000,0	ӨК
2.	Кейіннен тереңдете өңдейтін ет өңдеу комбинатын салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	6 776,0	ӨК
3.	Мамандандырылған техниканы құрастыруға арналған цех салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	200,0	ӨК
				2021	1 100,0	
4.	"Semey Mall" көпфункционалды сауда-ойынсауық орталығын салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	4 800,0	ӨК
5.	Қарағайлы тұрғын ауданында сауда-логистикалық орталығын салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	1 000,0	ӨК
				2021	200,0	
				2022	200,0	
6.	"Өндіріс" индустриялық аймағында инженерлік инфрақұрылым	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	472,7	РБ
				2021	678,9	
				2022	242,5	
				2023	405,0	
				2020	52,6	

	ым мен теміржол тармақтары н салу			2021	75,4	ЖБ
				2022	26,9	
				2023	46,0	
	Жиыны				22 276,0	
І І . Аграрлық-өндірістік кешенді дамыту						
7.	Новобажено в ауылында 1200 мал басына арналған сүт-тауар фермасын салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	300,0	ӨК
				2021	2 421,5	
				2022	2 421,5	
8.	Мұқыр, Приречный және Қайнар ауылдарында 3500 мал басына арналған 3 бордақылау алаңын салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2021	300,0	ӨК
				2023	80,0	
	Жиыны				5 523,0	
ІІІ. Тұрғын үй құрылысы мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым						
9.	Қарағайлы тұрғын ауданында сатып алу құқығынсыз көпқабатты жалға берілетін үйлерді салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, ҰЭМ, ШҚО әкімдігі	2020	587,5	РБ
				2021	1 624,1	
				2022	1 774,0	
				2023	1 880,0	
				2024	1 993,0	
				2025	2 112,0	
				2020	3 438,8	ЖБ
				2021	2 416,5	
				2022	3 420,0	
				2023	1 900,0	
				2024	1 900,0	

				2025	1 900,0	
10.	Қарағайлы тұрғын ауданында көпқабатты кредиттік үйлерді салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, ҰЭМ, ШҚО әкімдігі	2020	4 757,9	РБ
				2021	9 843,0	
				2022	4 987,0	
				2023	6 649,4	
				2024	6 649,4	
				2025	6 649,4	ЖБ
				2020	3 508,3	
				2021	6 271,0	
				2022	3 562,9	
				2023	4 750,5	
				2024	4 750,5	
2025	4 750,5					
11.	Семей қаласы бойынша жаңа тұрғын үй құрылысын а инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, ШҚО әкімдігі	2020	1 700,0	РБ
				2021	3 289,8	
				2022	3 553,5	
				2023	3 478,5	
				2024	3 380,0	
				2025	3 313,4	ЖБ
				2020	401,7	
				2021	254,4	
				2022	411,5	
				2023	386,5	
				2024	320,0	
2025	220,0					
	Жиыны				112 785,0	
IV. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық						
Жылумен жабдықтау						
12.	ЕҚДБ-мен серіктестік шеңберінде Семей қаласының жылумен жабдықтау жүйесін жаңғырту	пайдалануға беру актісі	ШҚО әкімдігі	2020	4 950,0	ДИ
	Қарағайлы тұрғын					

13.	ауданында 3-аудандық қазандығын реконструкциялау (2-кезек)	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	1 098,7	ЖБ
14.	Ұшақтар тұрғын-үй алабына жылумен жабдықтаудың таратушы желілерін салумен 66-кварталдың ОЖП-сын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	1 267,6	ЖБ
15.	Сыртқы электр желілеріне қосу үшін Семей қаласының 1-аудандық қазандығын, 1-ЖЭО жабдықтарының релелік қорғанысын жаңғырту. Құрылыстың 2-кезегі	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	207,8	ЖБ
16.	Степной кентінде жылу желісін салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Ш Қ О әкімдігі	2021	531,3	РБ
				2021	59,0	ЖБ
	Жалпы қуатын 59,7 Гкалл/сағатқа ұлғайта отырып, 4 қазандықты ("Ғаббасов", "Орталық", "35 квартал", "Зооветинститут" учаскелерін			2021	15,0	
					1 646,0	

17.	дегі қазандықтарды) реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2022		ЖБ
	Жиыны				9 775,4	
Сумен жабдықтау және су бұру						
18.	ЕҚДБ-мен серіктестік шеңберінде Семей қаласының сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Ш Қ О әкімдігі	2020	662,2	ӨК
				2020	575,0	РБ
19.	Қала көшелерінде, қала маңындағы кенттерде және ауылдық округтерде сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу және реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Ш Қ О әкімдігі	2020	1 372,2	РБ
				2021	720,0	
				2022	450,0	
				2020	2 066,0	ЖБ
				2021	80,0	
2022	350,0					
20.	Ертіс өзені арқылы өтетін коммуникациялық тоннельді (№ 2 дюкер) жөндеу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	170,0	ЖБ

	Жиыны				6 445,4	
V .						
Әлеуметтік саланы дамыту						
Білім беру						
21.	Восточный кентінде 1 2 0 0 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	БҒМ, ШҚО әкімдігі	2020	926,8	ЖБ
				2021	1 390,1	
22.	Қарағайлы тұрғын ауданында (тұрғын ауданының шығыс бөлігі) 1200 орындық орта мектеп салу	пайдалануға беру актісі	БҒМ, ШҚО әкімдігі	2020	23,6	ЖБ
				2022	818,4	
				2023	1 227,6	
23.	Степной кентінде 3 0 0 орындық орта мектеп салу	пайдалануға беру актісі	БҒМ, ШҚО әкімдігі	2021	545,4	ЖБ
				2022	818,1	
24.	Қарағайлы тұрғын ауданында (тұрғын ауданының солтүстік бөлігі) 1200 орындық орта мектеп салу	пайдалануға беру актісі	БҒМ, ШҚО әкімдігі	2023	23,6	ЖБ
				2024	818,4	
				2025	1 227,6	
25.	Восход кентінде 2 8 0 орындық балабақша салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	650,0	МЖӘ
26.	Бобровка кентінде 3 2 0 орындық балабақша салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	850,0	МЖӘ
	Қарағайлы тұрғын ауданында			2022	1 244,0	

27.	3 2 0 орындық 2 балабақша салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2024	1 244,0	МЖӨ
28.	Семей қаласында инновациял ы қ технологиял ар мектебін салу () болжамды құны 9,0 млрд. теңге)	пайдалануға беру актісі	БҒМ, ШҚО әкімдігі	2020 – 2022	Қаржыландыру көлемі мен көздері бюджеттік заңнамаға сәйкес ЖСҚ әзірленгеннен кейін анықталатын болады	
29.	Білім беру объектілері н (18 мектепті, Балалар мен жастардың шығармашы л ы қ сарайын) күрделі жөндеу	орындалған жұмыстар актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	245,1	ЖБ
				2021	262,3	
				2022	280,6	
				2023	300,3	
				2024	321,3	
				2025	343,4	
30.	"Назарбаев зияткерлік мектебінің" стандарттар ы бойынша жаңа модификац иядағы 30 білім беру объектілері н кабинеттері мен (30 физика кабинетімен , 30 химия кабинетімен , 30 биология кабинетімен) жарақтанды ру	орындалған жұмыстар актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	81,0	ЖБ
				2021	81,0	
				2022	81,0	
				2023	81,0	
				2024	81,0	
	Жиыны				14 046,6	
Денсаулық сақтау						

31.	Семей қаласында облыстық онкологиялық диспансердің радиологиялық орталығының аяқталмаған объектісін салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі, ДСМ	2020	2 025,0	РБ
				2021	2 025,0	
				2020	225,0	ЖБ
2021	225,0					
32.	Ұшақтар тұрғын алаптарында 200 төсектік қалалық балалар ауруханасын салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2023	8 100,0	МЖӨ
				2024	8 100,0	
33.	80 төсектік емхана мен оңалту стационарының жапсарлас салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	700,0	ӨК
Жиыны					21 400,0	
Мәдениет						
34.	"Ауыл – Ел бесігі" арнайы жобасының шеңберінде Приречный ауылындағы Мәдениет үйінің реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, Ш Қ О әкімдігі	2021	233,1	РБ
				2021	25,9	
35.	Мәдениет объектілерінің жөндеу және материалдық-техникалық базасын нығайту	орындалған жұмыстар актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	684,3	ЖБ
				2021	148,7	
				2022	360,0	
				2023	32,7	
Жиыны					1 484,7	

Әлеуметтік қорғау						
36.	Семей қаласында 1 5 0 орындық мүгедектерге арналған оңалту орталығын салу	пайдалануға беру актісі	Еңбекмині, Ш Қ О әкімдігі	2021	923,4	РБ
				2022	1 458,0	
				2023	1 043,5	
				ЖБ	2020	50,0
					2021	102,6
					2022	162,0
					2023	115,9
37.	Әлеуметтік қорғау объектілерінің күрделі жөндеу және материалдық-техникалық базасын нығайту	орындалған жұмыстар актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	15,5	ЖБ
				2021	275,0	
Жиыны					4 145,9	
Спорт						
38.	Қарағайлы тұрғын ауданында 5 0 0 орындық трибуналары бар Мұз модулін салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	3 000,0	МЖӘ
				2021	3 000,0	
Жиыны					6 000,0	
VI. Көліктік инфрақұрылымды дамыту						
39.	Семей қаласында қоғамдық көлікті жаңарту (170 бірлік автобус сатып алу)	орындалған жұмыстар актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	4 135,0	ӨК
40.	Семей қаласының қоғамдық көліктерінде	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020		МЖӘ

	электрондық билеттеуді енгізу				1 447,0	
41.	Семей қаласының автомобиль көлік көпірін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, ШҚО әкімдігі	2021	4 401,4	РБ
				2022	4 401,4	
				2023	4 401,4	
				2020	231,7	ЖБ
				2021	489,0	
				2022	489,0	
				2023	489,0	
42.	" Республикалық маңызды РФ шекарасы (Омбыға)- Майқапшағай " " Астана-Павлодар-Қалбатау-Өскемен " Орталық-Шығыс дәлізінің 733-760 км автомобиль жолы бойындағы "Семей қаласының айналма жолы" автомобиль жолы құрылысы" жобасын қаржыландыру бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы-ның Үкіметіне ұсыныстар	ИИДМ	2020 жылғы I тоқсан	талап етілмейді	
	" Республикалық маңызды " Семей-Қайнар " автомобиль	Қазақстан Республика				

43.	жолын орташа жөндеу" жобасын қаржыландыру бойынша ұсыныстар енгізу	сы-ның Үкіметіне ұсыныстар	ИИДМ	2020 жылдың I тоқсан	талап етілмейді	
44.	Қала жолдарын орта, ағымдағы жөндеу	орындалған жұмыстар актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	1 500,0	ЖБ
				2021	1 500,0	
				2022	1 500,0	
				2023	1 500,0	
				2024	1 500,0	
				2025	1 500,0	
45.	Павлодар тас жолынан "Северный" сауда-логистикалық орталығына дейінгі жолдың жүру бөлігі мен тротуарларын күрделі жөндеу	орындалған жұмыстар актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	427,8	ЖБ
46.	Жангелдин көшесінен республикалық маңызы бар "Омбы-Майқапшағай" жолына дейінгі автомобиль жолын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	480,0	ЖБ
				2021	320,0	
47.	Фотобейнетіркеу және бейне-талдау жүйесін құру және пайдалану	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2021	2 897,3	МЖӨ
	Жиыны				33 610,0	
VII. Өзгелер						
				2020	693,8	

48.	ЕҚДБ-мен серіктестік шеңберінде Семей қаласының көшелерін жарықтандыру жүйесін жаңғырту	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі, ИИДМ, ҰЭМ	2021	693,7	ӨК
				2020	138,5	РБ
				2021	139,0	
				2020	93,0	
				2021	92,0	ЖБ
49.	ЕҚДБ-мен серіктестік шеңберінде Семей қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі, ЭГТРМ	2021	4 015,0	ӨК
				2022	4 015,0	
				2021	1 175,0	РБ
				2022	1 175,0	
				2021	900,0	
				2022	900,0	ЖБ
50.	Қаланы және аулалық аумақтарды абаттандыру	орындалған жұмыстар актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	1 000,0	
				2021	1 000,0	
				2022	1 000,0	ЖБ
				2023	1 000,0	
				2024	1 000,0	
				2025	1 000,0	
51.	Бейбітшілік аралында саябақ салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2022	1 000,0	ЖБ
52.	Семей қаласында Ертіс өзені жағалауын (Бейбітшілік аралы, Мирный, Восточный және Пристань кенттері) (тасқынға қарсы іс-шаралар шеңберінде) нығайту	пайдалануға беру актісі	ІІМ, Ш Қ О әкімдігі	2021	315,0	РБ
				2022	332,2	
				2021	35,0	
				2022	36,9	ЖБ
	Үлгілік жобаны жергілікті жерге байланысты			2023	24,7	
				2024	287,7	

53.	ру бойынша Ж С Қ әзірлеу және Семей қаласының Қарағайлы тұрғын ауданында 4 автомобильге депосы кешенін салу	пайдалануға беру актісі	ІІМ, Ш Қ О әкімдігі	2025	287,7	РБ
54.	Семей қаласының құлақтандыру жүйесін толық жаратқандыру	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2020	47,0	ЖБ
				2021	40,0	
55.	Облыстық полиция департаменті Семей қаласы полиция басқармасының әкімшілік ғимаратын күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі, ШҚО ПД	2022	45,4	ЖБ
				2023	200,0	
56.	Приречный ауылдық округінде қалалық мал қорымын салу	пайдалануға беру актісі	Ш Қ О әкімдігі	2021	26,0	ЖБ
Жиыны					22 707,6	

МЛН. ТЕҢГЕ

Қаржыландыру көзі	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Барлығы
Республикалық бюджет	11 628,8	25 899,0	18 373,6	17 882,5	12 310,1	12 362,5	98 456,5
Жергілікті бюджет	18 242,3	16 629,3	16 908,7	12 053,1	10 691,2	11 022,5	85 547,1
Өзге көздер	30 217,0	8 730,2	6 636,5	80,0	0,0	0,0	45 663,7
МЖӘ	5 947,0	5 897,3	1 244,0	8 100,0	9 344,0	0,0	30 532,3
Жиыны	66 035,1	57 155,8	43 162,8	38 115,6	32 345,3	23 385,0	260 199,6

* республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің бюджет заңнамасына сәйкес қажетті құжаттаманы ұсынған кезде тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде нақтыланатын болады.

2026 жылға қарай қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуында, оның ішінде Кешенді жоспарды іске асырудан мынадай нәтижелерге қол жеткізу күтілуде:

1. Өнеркәсіп

Жобаларды іске асыру нәтижесінде, оның ішінде Кешенді жоспар шеңберінде 2026 жылға қарай өнеркәсіп өнімінің көлемі 1,6 есеге ұлғайып, 300 млрд. теңгені құрайтын болады, атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібінде – 1,7 есеге (236,0 млрд. теңге) көбейеді.

Жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттардың жүктемесін арттыру және жаңа кәсіпорындардың ашылуы есебінен 1 000-нан астам жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

2. Сауда

2025 жылдың қорытындысы бойынша жаңа кәсіпкерлік объектілерін салу және көліктік-инженерлік инфрақұрылымды дамыту есебінен бөлшек тауар айналымының көлемі 2018 жылдың деңгейіне қарағанда 2 есеге өсуі болжанып отыр, бұл 460 млрд. астам теңгені құрайтын болады.

3. Ауыл шаруашылығы

2026 жылға қарай ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 19 %-ке және 43 млрд.теңгені құрайтын болады, оның ішінде қала маңындағы елді мекендерден жеткізілетін өнімді қоса алғанда, ет өндіру көлемі – 13 %-ке , сүт – 8,0 %-ке артады.

4. Тұрғын үй

2026 жылға қарай барлық қаржыландыру көздері есебінен қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізе отырып, 133 көп қабатты тұрғын үйді (9 629 пәтер немесе 702,9 мың м²) пайдалануға беру жоспарлануда, ол 9 629 мың отбасын жеке тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бір адамға шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз ету 2026 жылға қарай 21 м²-ден (2018 жыл) 24,3 м²-ге дейін ұлғайтылатын болады.

5. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

2026 жылға қарай орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу қалада 96,9 %-тен 100 %-ке дейін және ауылдық аумақта 53,1 %-тен 65,7 %-ке дейін өседі.

Жаңғыртылған желілердің жалпы ұзындығынан 2026 жылға қарай аудандық қазандықтардың 31,6 км жылу желілерін жаңғырту арқылы 31,2 %-тен 41,3 %-ке дейін ұлғаяды.

6. Денсаулық сақтау

Семей қаласындағы облыстық онкологиялық диспансері радиологиялық орталығының аяқталмаған объектісін салу тек Шығыс Қазақстан облысының ғана емес, сонымен қатар еліміздің басқа да өңірлерінің тұрғындарына онкологиялық ауруларды диагностикалау, ерте кезеңде анықтау және емдеу бойынша бірегей медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Ұшақтар тұрғын алаптарында 200 орындық қалалық балалар ауруханасын ашу балаларға аурушандық пен өлім-жітім жиілігін төмендету бойынша қолжетімді сапалы медициналық көмек көрсетуге бағытталған.

Жалпы алғанда, денсаулық сақтау саласындағы объектілерді дамыту жыл сайын 5 мыңнан астам пациентті медициналық қызметтермен қосымша қамтуға, халыққа білікті, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, халықтың денсаулығы жақсарады, өлім-жітім 1000 адамға шаққанда 8,45-тен 7,8-ге дейін төмендейді, орташа өмір сүру ұзақтығы 75 жасқа дейін артады.

7. Білім беру

Жалпы білім беретін 4 мектеп салудың нәтижесінде 2026 жылға қарай қосымша оқушы орындарымен 3 900 бала қамтылатын болады. 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен 100 % қамтуға қол жеткізу үшін 1 240 орындық 4 мектепке дейінгі балалар мекемесін салу жоспарлануда.

8. Мәдениет және спорт

Приречный ауылындағы Мәдениет үйін реконструкциялау, сондай-ақ тарихи-мәдени объектілерді (кітапханалар, музейлер, мәдениет үйлері) жөндеу және материалдық-техникалық базаны дамыту Семей қаласының еліміздің рухани және мәдени орталығы ретінде мәртебесін одан әрі нығайтуға, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін сақтауға ықпал етеді. Бейбітшілік аралындағы

саябақтың құрылысы аяқталғаннан кейін отандық және шетелдік әртістерді тарта отырып, ірі мәдени-демалыс іс-шаралары мен концерттерді өткізу жоспарлануда, бұл ішкі және сыртқы туристердің санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2026 жылға қарай жүйелі түрде дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтарды қамту мұз модулін салу және аула аумақтарын абаттандыру шеңберінде спорт алаңдарын орнату, сондай-ақ 2019 жылы енгізілетін "Абай-Арена" мәдени-спорт кешенін толық жүктеу есебінен 31 %-ке жетеді. Жалпы алғанда, спорттық объектілерді дамыту азаматтардың денсаулығына оң әсер етеді, бұқаралық спортқа халықтың көп бөлігін тартуға, республикалықта және халықаралық деңгейде де жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

9. Көліктік инфрақұрылым

2026 жылға қарай қанағаттанарлық және жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 73,6 %-тен 95,0 %-ке дейін ұлғаяды. "Семей қаласының айналма жолы" автомобиль жолының құрылысы қаланың халықаралық және өңірлік транзиттік әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді, жүк-жолаушылар тасымалдарын дамытуға, сондай-ақ қаланың орталық бөлігінде автомобиль ағынын 1 547 авто/тәулікке дейін қысқартуға, экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Қаланың көліктік инфрақұрылым жобаларын іске асыру жол бойындағы сервис пен қызмет көрсету саласын дамыту есебінен шағын және орта бизнеске мультипликативтік әсер етеді.

Кешенді жоспарды іске асыру бойынша іс-шаралар өткізу нәтижесінде қала аумағында шағын құрылыс салу, 4 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарын құра отырып, инженерлік-көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымды тиімді пайдалануға қол жеткізу қамтамасыз етілетін болады. Жалпы алғанда, жоғарыда көрсетілген іс-шаралар халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Ескерту: Аббревиатуралардың толық жазылуы

БҒМ	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ДСМ	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Еңбекмині	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЕҚДБ	- Еуразиялық қайта құру және даму банкі
ЖБ	- жергілікті бюджет
ЖСҚ	- жобалау-сметалық құжаттама

ИИДМ - Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

МЖӘ - мемлекеттік-жекешелік әріптестік

ОЖП - орталық жылу пункті

ӨК - өзге көздер

РБ - республикалық бюджет

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЭГТРМ - Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі

ЭМ - Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі